# Ұлт бірлігі - ұлы байлық

Мамырдың алғашқы күні Мұзбел ауылының Мәдениет үйінде ұстаздар мен оқушылардың, мәдениет қызметкерлерінің қатысуымен «Ұлт бірлігі - ұлы байлық» атты мерекелік концерт өтті.

Әрқашан мәдени іс-шараларға белсене қатысып, бірлесе еңбек етеді. Осы жолы да мерекелік концертте мың бұралған бишілер би билеп, мектеп оқушылары өз өнерлерін жиналған қауымға паш етті.




1 мамыр - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Бүгінде Мұзбел ауылында 16-ға жуық ұлт өкілі тұрады. Мұнда ұлтына, нәсіліне қарамай, барлық халық өкілдері бір-бірімен туысқандай болып кеткен.

Ауыл тұрғындары Мәдениет үйі мен ауыл кітапханасы ұйымдастырған мерекелік шарадан кітап көрмесін тамашалап, жақсы көңіл-күймен тарқасты.


**Г.И. Бекеева**
**Мұзбел ауылының кітапханашысы**